

"Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 3422 қаулысының күшін жою туралы

Қызылорда облысы Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 қазандағы N 4461 қаулысы

"Нормативтік құқықтық актілер туралы" Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 24 наурыздағы Заңына сәйкес Қызылорда қаласының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

"Қызылорда қаласының шалғайдағы елді мекендерінде тұратын балаларды жалпы білім беретін мектептерге тасымалдаудың схемасы мен тәртібін бекіту туралы" Қызылорда қаласы әкімдігінің 2015 жылғы 15 мамырдағы № 3422 қаулысының (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде №5029 тіркелген, 2015 жылғы 08 шілдедегі №51 "Ақмешіт апталығы", 2015 жылғы 08 шілдедегі №27 " Қызылорда Таймс" газетерінде және 2015 жылғы 20 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) күші жойылды деп танылсын.

"Қалалық білім бөлімі" мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен осы қаулыға қол қойылған күннен бастап бір апта мерзімде оның көшірмесін Қызылорда облысының Әділет департаментіне және Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнының Қызылорда филиалына жіберуді қамтамасыз етсін.

Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда Қаласының әкімі

Н. Нәлібаев